

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛДЕРІНЕ ТАЛДАУ *

Жумагелдиева А.Д.¹, Абаева Г.А.²

^{*1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға тиімді білім беру моделін құру мәселесі жан-жақты қаралды. Шет елдік және отандық ғалымдардың пікірі, олардың инклюзивті білім беруді құруда жетістіктері қарастырылды. Балаларды жалпы білім беру саласында енгізу және оларда кездесетін кедергілерді сипаттап өтілді. Білім беру саласы үнемі өзгеріске икемделу қажетті болады. Озық тәжірибелерді зерттеп, саралап тиімді болатын жақтарын ендіріп қолдану сапалы білім беруді қамтамасыз етеді. Елімізде көптеген заңнамалық құжаттарға өзгертулер енгізілгеннің нәтижесі инклюзивті білім берудің алға жылжуын байқауға болады. Қоғамда ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтары мен міндеттері нақты бекітіліп, заң тарапынан қатаң бақыланады. Соның ішінде білім саласындағы елеулі шаралардың орын алуы, алдағы уақытта инклюзивті білім беру міндеттелетіні байқалады.

Ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде педагогтерде болатын қиындықтарды жүйелі түрде жою және жұмыс жасауға алғышарттар қажеттілігі туады. Мақалада қалыптасқан модельдерді талдай отырып, педагогтердің инклюзивті білім беруде қажеттіліктерді толтыру мақсатында жасалды. Өткен тәжірибелерді алға тартып келешекте кездесетін мәселелерді шешу жолдарын зерттеледі. Инклюзивті білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасауда әр мемлекет өзіндік қалыптасқан қағидалары мен заңдары бар екені байқалады. Әртүрлі болғанымен барлығының түпкі мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтендіру, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қарастыру, мүмкіндіктерін шектемеу болып табылады. Мемлекеттің саясатына, менталитетіне, даму дәрежесіне байланысты инклюзивті білім беру жүйесі жүзеге асырылуда.

Тірек сөздер: инклюзив, білім беру, сапалы білім, ерекше қажеттілігі бар бала, педагог, даярлық, модель, мектеп

Кіріспе

Елімізде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың санының артуы мемлекеттің саясатына және экономикасына әсерін береді. Яғни білім саласы, денсаулық салалары бойынша көптеген өзгерістер енгізуді талап етеді. Ол өзгерістерді енгізу барысында сапалы және таңдаулы зерттеулер жүргізіліп, шет елдік тәжірибелерге талдау жасалу қажет. 2021 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, оның негізінде арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы енгізіліп, білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің жұмысы реттеледі [1].

Бекітілген құжат бойынша кез-келген бала сапалы білім мен психологиялық-педагогикалық қолдауға және жағдай жасауға міндеттелгенін алға тартты.

Балалардың құқықтарын қорғау ҚР қолданыстағы мемлекеттік саясатының басым бағыты болып табылатынын атап өту маңызды. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 780 «Балалар жылын жариялау туралы» Жарлығына сәйкес 2022 жыл балалар жылы болып жарияланды [2], оның барысында балалардың білім алу, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекеттік органдар тарапынан нақты шаралар қабылдау жоспарлануда [2]. Яғни бала құқықтары және мүмкіндіктері ескеріліп, нақты қолға алынды.

Ерекше қажеттілігі бар балаларды тек қорғау емес сонымен қатар білім беру, тәрбиелеу мәселелері шешуін табуы қажет. Инклюзивті білім беруде анықталған қиындықтар мен кедергілердің мазмұнына сәйкес белгілі бір ережелер, принциптер және модель құрастырылса, жүйелі іс-әрекеттер және оның нәтижелері болады. Сол себепті мақала мақсаты қазіргі таңдағы аталмыш инклюзивті білім беруде қалыптасқан модельдерді талдау арқылы, тиімді модель құрастыруға негіз бола алады.

Материалдар мен әдістер

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға сапалы білім беру мәселесін қарастырып, әдебиеттерге шолу, құрылған модельдерді талдау, шет елдік тәжірибелердің нәтижелері мен ерекшеліктерін нақтылау мақаланың негізгі зерттеу әдістері ретінде таңдалды.

Әдебиеттерге тек шолу жасау ғана емес, ғалымдардың ойлары мен пікірлерін салыстыру, ерекшеліктерін анықтау. Қалыптасқан модельдердің берер нәтижелерін болжау, шет елдік тәжірибелерге сүйене отырып, өзіндік модель құруға негіздеу.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды осы күнге дейін жан-жақты зерттеулер жүргізілуде. Зерттеу нәтижелері келесі жоспарлы жұмыстарға негіз бола тұра, мәліметтерді аламыз. Баланы педагогикалық-психологиялық-әлеуметтік жағынан қарастыру, ғылым саласына қосқан үлестері мол.

Жалпы білім беру мекемесі баланың өмір бойына азық болар білім мен тәрбие тамырлары қалыптаса бастайды. Орта қалыптастыру арқылы бала жан-жақты дамып, қажеттіліктері де арта түседі. Әр бала өзінше ерекше қабілеттерімен дүние келеді, оны аша білу оларды байқай білу мектеп педагогтарының қызметі деп білеміз. Баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру және қабілеттерін дамыту басты дүние болып табылады. Мұғалімнің бала бойындағы қабілеті мен қажеттіліктерін анықтап, онын орын толтыру тәсілдерін білу педагог кәсіби шыңына жетуі деп түсінеміз.

Жалпы орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру.

Жалпы орта білім берудің міндеттері білім алушылардың:

- 1) рухани-адамгершілік қасиеттерін;

- 2) ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін;
- 3) өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын;
- 4) оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын;
- 5) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын;
- 6) қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады [3].

Елімізде көптеген заңнамалық құжаттарға өзгертулер енгізілгеннің нәтижесі инклюзивті білім берудің алға жылжуын байқауға болады. Қоғамда ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтары мен міндеттері нақты бекітіліп, заң тарапынан қатаң бақыланады. Соның ішінде білім саласындағы елеулі шаралардың орын алуы, алдағы уақытта инклюзивті білім беру міндеттер қойылады.

Инклюзивті білім беру мәселесі өзекті және алатын орны ауқымды болып отыр. Негізгі мақсаттары, бағыты, мазмұны мен іске асыру әдістері зерттелініп келеді, нәтижесі қазіргі білім саласындағы көптеген жетістіктер соның дәлелі деп айтуымызға болады. Кездесетін кедергілерді жоқ емес, оларды анықтау, зерттеу, іске асыру инклюзивті білім беруді игеруге аса қажетті болып отыр.

Қазіргі уақытта педагогтер инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда кәсіби міндеттерін шешу қабілеті толық қалыптаспағанын байқалады. Оның бірнеше себептерін Жангельдинова С.Б., Тлеужанова Г.К. зерттеулерінде бөліп көрсетеді.

Басты себептері:

1. Инклюзия негіздерін, оның негізгі компоненттерін түсінбеуге, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиясы саласындағы шектеулі білімге әкелетін теориялық базаның болмауы, бұл өз кезегінде мұғалімнің инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге деген ұмтылысына немесе дәлірек айтсақ, құлықсыздығына әсер етеді;

2. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды да, нормативтік дамушы оқушыларды да дамыту үшін әдістерді, әдістемелер мен технологияларды таңдаудағы қиындықтар;

3. Қажетті жағдайлардың болмауына байланысты білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әдістемелік және дидактикалық құралдарды игерудің мүмкіндігі, бұл болашақ шет тілі мұғалімдерінің құзыреттілігін қалыптастыруға әсер етеді.[4]

Нәтижелер

Көптеген дамыған елдерде қалыптасқан үлгі, құрылымдардың арқасында белгілі бір мәселелердің бір жүйелі түрде шешімін табу жүзеге асырылады. Соның ішінде білім беру саласында қалыптасқан жүйе, үлгі-модельдер жүзеге асырылып келеді. Мәселені шешуде модельді қолдану ең тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Сол себепті де біздің зерттеуіміздегі маңызды деңгей ерекше білім беру қажеттілігі балаларға қолайлы, тиімді әрі дұрыс модель құрастыру маңызды болып отыр. Дамыған елдердегі біршама қалыптасқан модельдерді талдай

отырып, өзіміздің құрылымы бөлек, оңай және тиімді модель құру мақсатымыздың бірі болып отыр.

Халықаралық тәжірибелерді қарастыратын болсақ, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың құқықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруда қалыптасқан жүйелерді алайық. Швеция елінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың құқықтарын қорғайтын, қоршаған ортадан жәбір көргендерді қолдайтын орталық әкімшілік орган – ұлттық агенттік құрылған. Агенттік басты мақсаты ерекше балалардың құқықтарын қорғау және оның бұзуына жол бермеу. Балаларды қорғайтын арнайы өкілдері сайланған және ол теңдік мәселесі бойынша қызмет жасайды.

АҚШ-та ерекше қажеттілігі бар адамдарға жан-жақты қарастырылып, жағдай жасалған. Елде қоғам арасында ерекше адамдарға деген көзқарастары өте жоғары дәрежеде екенін байқай аламыз. Ол көптеген жылдар бойы жасалған жұмыстардың нәтижесі ретінде қарауға болады. OSERS сонымен қатар заңнаманы мониторингілеумен және арнайы білім беру қызметтерін ұсыну бағдарламаларын қолдаумен, мүгедек адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған зерттеулерді қаржыландырумен айналысады.

Сондай-ақ, елде АҚШ-тың арнайы білім беру саласындағы ұлттық зерттеу орталығы (NCSER) жұмыс істейді, ол оқыту саласындағы ауқымды зерттеулерді қолдауға, денсаулығы нашар білім алушыларға арналған білім беру жүйесін ұйымдастыруға бағытталған. Арнайы педагогтердің ұлттық қауымдастығы педагогтерге арнайы білім беру қызметтерінің маңызды салалары бойынша онлайн-ресурстар ұсынады [5].

Германияда 16 федералды өңірдің білім беру органдары арасындағы серіктестіктің басты құралы – білім министрлерінің тұрақты конференциясы. Елде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін Федералды омбудсмен және Федералды антидискриминациялық агенттік қызмет етеді [6]. Қызметі мүмкіндігі шектеулі адамдарды қамтамасыз етуге және қолданыстағы жеңілдіктер жөнінде ақпарат беруге бағытталған бірлескен оңалту пункттері қызмет етеді.

Сондай-ақ мүгедек адамдарды біріктіріп оқыту және жұмысқа орналастыру, сондай-ақ арнайы және жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне көмек көрсету үшін өңірлік консультациялық орталықтар мен қолдау орталықтары жұмыс істейді [7].

Талқылау

Әр елдегі қажеттіліктерінің санына, түрлеріне байланысты көптеген мәселелер туындайды, оны шешу жолдарын табу ауқымды жұмыстарды талап етеді. Жасалған іс-шаралардың нәтижелері мен жемістері қазіргі таңда ерекше қажеттілігі ар адамдарға жағдай жасау, қажеттіліктерін өтеу мақсатында жүзеге асырылуда. Қалыптасқан жүйе, модель, құрылымдарды талдап, артықшылығы мен кемшіліктерін көре алу арқылы біздегі мәселелерді шеше аламыз деген ойдамыз.

Н.А. Медовтың «Сызбалар мен кестелердегі инклюзивті білім беру» әдістемелік құралында сипатталған муниципалды білім беру жүйесіндегі

ведомствоаралық өзара іс-қимыл моделінің ресейлік тәжірибесі қызығушылық тудырады [8]. Ұсынған моделі бойынша 12 модуль бойынша жұмыс жасайды. Әр модульде әртүрлі ведомствоаралық бірлесу және өзара әрекет жасау арқылы жүзеге асырылады. Н.А.Мендетовтың ұсынған моделі жалпы білім беруде барлығына қол жетімді білім беруді қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар кешенін дайындап, оның ішінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда материалдық-техникалық базаны, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдағы өкілеттіктердің иерархиялық ұйымдастырылуы мен бөлінуі келтірілген.

Модульдерді атап өтетін болсақ:

1. Әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық модуль;
2. Медициналық-әлеуметтік модуль;
3. Мәдени-демалыс модулі;
4. Спорттық-сауықтыру модулі;
5. Кәсіптік бағдар беру және бейімдеу модулі;
6. Диагностикалықболжамдық модуль;
7. Кеңес беру модулі;
8. Ғылыми-әдістемелік модуль;
9. Ұйымдастырушылықбасқарушылық модуль;
10. Ақпараттықаналитикалық модуль;
11. Модуль материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
12. Қоғаммен байланыс модулі;

Осылайша, О.В. Огороднова мен А.М. Патрушева «Ведомствоаралық өзара іс-қимыл көбінесе белгілі бір қызмет бағыты аясында бірыңғай мақсаттарға жету үшін әртүрлі ведомстволар мен оларға қатысты ұйымдар мен мекемелердің ынтымақтастығын жүзеге асыру үшін шаралар кешені ретінде анықталады» деп санайды» [9].

Ресейде инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда ведомствоаралық қатынастары мен бірігіп жұмыс жасау оң нәтиже береді деген пікір қалыптасқан. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды жан-жақты қамтамасыз ету, оларға жағдай жасау тек бір жақты мәселе емес, онымен барлық адамға қатысты салалардың ат салысуы өте маңызды екенін алға тартады. Инклюзивті білім беруде ведомствоаралық өзара іс-әрекеттердің тиімді жолдары арқылы жүзеге асыруға болады.

Ондағы педагогтарды даярлауда арнайы пәндерді қосып оқыту міндеттелді, жоғары санаттағы педагогтер «инклюзивті білім беру» пәні бойынша арнайы курс өтіп, практикалық тапсырмаларды орындауы қажет болады. Мұнда әр мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің 3 деңгейлі модель құрылған.

I деңгей: баланың мүддесі бойынша мектеп комиссиясы – баланы алғашқы арнайы білім беру және психологиялық қолдау, педагогтерді әдістемелік қолдау, мектеп қоғамдастығы мен отбасылар үшін психологиялық қолдау және білім беру шараларын көрсету.

II деңгей: муниципалды деңгейдегі педагогикалық және психологиялық қызметтер, егер мектептің баланың мүддесі бойынша комиссиясы жағдайдың күрделілігіне байланысты немесе комиссияда жеткілікті мамандар болмауына байланысты қамтамасыз ете алмаса, арнайы білім беру және психологиялық қолдау көрсетеді.

III деңгей: ерекше қажеттіліктерге арналған ұлттық білім беру және психология орталығының мақсаты – ұлттық деңгейде білім беруді қолдау стратегиясын насихаттау және қолдау.

Литвада Орталық институттар, муниципалитеттер мен мектептер білім сапасына жиынтық түрде жауап береді. Білім алушының жеке қажеттіліктерін анықтау үш деңгейде жүреді. Мектеп деңгейінде игілігі бойынша комиссия білім алушыны ата-анасының көмегімен бағалайды. Муниципалды деңгейде психологиялық-педагогикалық қызмет ерекше қажеттіліктерді және олардың себебін анықтайды, ал қалалық әкімшіліктің білім бөлімі осы муниципалитетте тұратын балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсетеді. Орталық деңгейде ұлттық білім беру агенттігі оқу құралдарын әзірлейді және Ұлттық жобалар мен бағдарламаларды іске асырады [9].

Польшада ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қатысты мәселелерді біраз жылдан бері айналысып келеді. Шешу барысында көптеген ғалымдардың атқарған еңбектерінің нәтижесінде «баршаға арналған білім» құжаты қабылданды.

Модель даму мүмкіндіктері шектеулі немесе даму мүмкіндіктері шектелуінің қаупі бар баланың дамуын ерте қолдау элементінен бастап, мектепке дейінгі және мектептегі білім беру арқылы оның барлық деңгейлерінде Польшада инклюзивті білім берудің тұтас тұжырымдамасын ұсынады:

- бастауыш,
- орта,
- жоғары, еңбек нарығына шығу және үздіксіз білім беру (өмір бойы оқыту).

«Баршаға арналған білім» моделінің негігі мақсаты – кез-келген бала-бақша, мектеп баланың қажеттіліктерін өтеу қажет және жағымды қолайлы климат қамтамасыз ету қажет. Баланың құрсақішілік кезеңінен бастап ерте анықтау және ерте көмек көрсету іс-шаралары жүзеге асырылу қажет. Инклюзивті білім беру тек мүмкіндігі шектеулі немесе оқуда қиындығы бар балаларды қамтымайды. Инклюзивті білім беру барлық балаларға арналған, кез-келген қажеттіліктерін қамтамасыз ету деп түсіндіреді [10].

Біздің елімізде инклюзивті білім беру қарқынды дамуда. Нормативтік құжаттардың қабылдануы, халықаралық заңдарды ратификациялау, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасаудың түрлі әдіс-тәсілдері шығуы елімізде инклюзивті білім берудің дәрежесін көрсетеді. Ғалымдардың көптеген зерттеу жүргізіп құнды мәліметтердің алуынан нәтижелерін жүзеге асырумен қатар, шет елдік тәжірибелерді тексеру арқылы үлкен жетістіктерге жетудеміз.

Қазақстандағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасау жан-жақты қарастырылып келеді, кездесетін қиындықтарды анықтап, шешу жолдарын табуда. 2022 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі екі маңызды бұйрықты бекіткенін атап өту қажет: «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрық, және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрық. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың категориялары мен бағалау шарттары нақтыланды. Жалпы білім беру мекемесінде кез-келген бала білім алуға құқылы және оқу процесінде қажеттіліктері ескерілуі тиіс.

Үш министрліктің: Білім, Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрліктерінің өзара іс-қимылының нәтижесі 2021 жылғы 6 қазандағы «Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрық болды [11]. Бұл құжатта мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру, медициналық және әлеуметтік қызметтер көрсету кезінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік ұйымдардың іс-қимылдарын келісу мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібі айқындалған.

«Ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы» бірлескен бұйрық бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлерін нақты бекітілген. Қамтылған іс-әрекеттерді атап өтетін болсақ: балаларды туа біткен және тұқымқуалайтын ауруларын ерте анықтап, тиісті медициналық орталықтарға жіберу әрі алдын алу, мүгедектің деңгейін төмендету, дене, психалық ерекшеліктерін қалпына келтіру немесе орын толтыру, медициналық, құқықтық, әлеуметтік, білім саласында жан-жақты қамтылуын қадағалау.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қолға алынды. Балаға оқу барысында туындаған қиындықтарын жоюға немесе алдын алуға жалпы білім беру ұйымдарында қаматамассыз етіледі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға жағдай жасау, құқықтарының қорғалуы, сапалы білім алуға және әлеуметтенуіне білім беру ұйымының басшыларына жауапкершілік жүктеледі.

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға әсер ету әдіс-тәсілдері мен жоспарлар құрылды. Инклюзивті орта құруда кездесетін кедергілерді анықтап, бірқатар пікірлер орын ала бастады. Инклюзивті білім беруде педагогтердің даярлығы маңыздылығы мен ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар (В.В.Хитрюк, О.С.Кузьмина, И.Р.Хафизуллина, О.В.Карынбаева, Е.Г.Самарцева, Ю.В.Шумиловская) модель құрастырды. Әр қайсысының қарастырған мәселелерінен ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту проблемаларын шешудің жолдарын көрсетті.

А.С.Кабдырова өз еңбегінде ЖОО-дағы мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс жасауда оқытушылардың кәсіби даярлығы туралы жан-жақты зерттеді. Нәтижесінде оқытушылардың инклюзивті білім беруде кәсіби даярлықтарын қалыптастыру моделін құрды. Моделдің ерекшелігі нақты

принциптерге негізделген, даярлықты екіге бөліп қарастырған. Оқытушының психологиялық даярлығы мен кәсіби даярлығын қалыптастыруда 3 компонент бойынша құрды.

Даярлық компоненттері:

1. Мотивациялық-жеке;
2. Мазмұндық;
3. Операциялық-әрекеттік [12].

Кәсіби және психологиялық даярлықты ұйымдастыру формаларын нақтылады. Атап өтер болсақ: психологиялық тренингтер, психологиялық портретін құра алу бойынша оқыту семинарлар, мотивациялық тренингтер, біліктілікті арттыру курстары, жеке консультациялар және т.б. таңдап алынды.

З.А. Мовкебаева инклюзивті білім беруде педагогке қажетті шарттарын зерттеп, қалыптастыру жолдарын анықтады. Мектеп мұғалімінің ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыста арнайы принциптерді бөліп көрсетті.

Бастауыш сынып мұғалімі инклюзивті білім беру жүйесінде даярлығы бойынша ұстану керек принциптер:

1. Мотивациялық және құндылық;
2. Мазмұндық;
3. Кешенді және прагматикалық.

Бастауыш сынып мұғалімін инклюзивті ібілім беруде кәсіби даярлығын қалыптастыру қадамдары:

1-қадам: Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауға мотивациясын қалыптастыру.

2-қадам: Инклюзивті білім беруде ториялық және практикалық білімді игеру.

3-қадам: Инклюзивті білім беру шеңберіндегі педагогикалық іс-әрекет жасау [13].

Осы қадамдарды орындау барысында педагог инклюзивті білім беруде жұмыс жүргізе алады деген тұжырымдары бар. Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала жалпы орта ұйымдарында еш кедергісіз сапалы білім алуға құқылы. Әр баланың қажеттіліктерін анықтап, жағдай жасауға әрекеттерден орын алу қажет.

Күтілетін нәтижелер:

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға-оларды өз қоғамында тең сезінуге, білім алуға, бейімделуге және қоғамда әлеуметтенуге үйрету.

Инклюзивті білім беру процесінде ерекше қажттілігі бар балаға білім берудің мазмұндық саласының күтілетін нәтижесі бірқатар Критерийлерде қамтылған: білім берудің осы сатысындағы білім мен білік; олардың практикасын қолдану; бейімделген білім беру бағдарламасының бөлімдерін игеру; баланың күнделікті өміріндегі оның мінез-құлқы мен даму динамикасын талдау; өмірлік құзыреттілікті дамытудың жеке профилі.

Отбасына қатысты- ерекше қажеттілігі бар баласы бар отбасындағы психологиялық климаттың өзгеруіне ықпал ету. Отбасылық гипер-қамқорлықтың төмендеуі.

Білім беру процесінің басқа қатысушыларына және олардың отбасыларына қатысты - қазіргі заманғы мектептің - "барлығына арналған мектептер, әр түрлі мектептер" идеясын қалыптастыру. "Басқаларға ұқсамайтын" балаларды түсінуге және қабылдауға көмектесу өсу және олармен бірге қоғамда өмір сүру.

Мұғалімдерге қатысты-педагогтердің инклюзивті компетенттілігін қалыптастыру (келесі салалардағы құзыреттілік: ерекше қажеттілігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері; сүйемелдеу қызметі мамандарының тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру технологиясы; инновациялық түзету технологиялары және т.б.). Кәсіби біліктілігін арттыру.

Мектепке қатысты-инклюзивті білім беру ортасын құру. Құрылған орта білім алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуді және олардың жеке ерекшеліктеріне, психикалық және физикалық мүмкіндіктеріне, даму қабілеттеріне қарамастан, барлық балалардың бейімделуіне қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасауды жүзеге асырады.

Зерттеу бойынша инклюзивті мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдердің инклюзияға қатынасы мен инклюзияға байланысты өзіндік тиімділігі оқушылардың әл-ауқатына қалай әсер ететінін зерттейді. Зерттеуге онлайн сауалнаманы (мұғалімдер) және қағаз сауалнамаларды (оқушылар, мұғалімдер) толтырған 26 мектептің мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Кросс-талдау қарым-қатынастың оқушылардың әл-ауқатына оң әсерін көрсетті. Талдау алдыңғы әл-ауқатты ескере отырып, көзқарастың болжамды сенімділігін көрсетпеді. Потенциалды көзқарас пен өзін-өзі тиімділік арасындағы өзара әрекеттесуді сынау әл-ауқат болжамына айтарлықтай жеңілдететін әсерді анықтады. Нәтижелер инклюзивтілікке оң көзқарас оқушылардың әл-ауқаты үшін пайдалы болуы мүмкін екенін көрсетеді. [14]

Қортынды

Инклюзивті білім беру балаларға бағытталған әдіснаманы дамытуға тырысады және барлық балалар әртүрлі оқу қажеттіліктері бар жеке адамдар екенін мойындайды. Инклюзивті тәжірибе балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін икемді болатын оқыту мен оқытудың осындай тәсілдерін әзірлейді. Егер инклюзивті білім беру енгізетін өзгерістердің нәтижесінде білім беру мен оқыту тиімдірек болса, онда барлық балалар (ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар ғана емес) олжалы болады деуге келтіреміз.

Инклюзивті білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасауда әр мемлекет өзіндік қалыптасқан қағидалары мен заңдары бар екенін байқадық. Әртүрлі болғанымен барлығының түпкі мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтендіру, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қарастыру, мүмкіндіктерін шектемеу болып табылады. Мемлекеттің

саясатына, менталитетіне, даму дәрежесіне байланысты инклюзивті білім беру жүйесі жүзеге асырылуда.

Бұл қалыптасқан модельдер, үлгілер сонау тарихи кезеңдердегі атаулы сәттердің нәтижесі болып табылады. Ғалымдардың пікір таластарының жемісі, ерекше қажеттілігі бар адамдарға деген адами көзқарастың пайда болуынан қазіргі таңдағы инклюзивті білім беру жүзеге асырылып келді.

Жоғары талданған мемлекеттердегі ерекше адамдардың қажеттіліктерін өтеуге деген дәрежелерін анықтадық, отандық қалыптасқан жүйе бойынша салыстырдық. Қазақстандағы ерекше адамдардың құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, білім саласында жан-жақты қарастырылған.

Инклюзивті білім беру моделінде біз жан-жақты қарастырған педагог пен бала арасындағы оқу процесі ғана емес, ата-ананың орны да бар. Ата-анамен жұмыстарды жүргізу арқылы үлкен нәтижеге жете аламыз. Олардың педагогикалық білім деңгейлері, психологиялық көмек көрсету, жеке ерекшеліктерін қабылдау және түзету жұмыстарына көңіл бөлу және т.б. әрекеттер орын ала бастаса баланың оқу-тәрбие процесінде алға жылжу болады деген сенімдеміз.

Инклюзивті білім берудің негізгі міндеттері: ерекше балаға оқу тәрбиені сапалы дәрежеде алуға жағдай жасау; психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету; ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орнату және оқу процесіне қатысушылардың толерантты қатынасты қалыптастыру.

Қорытынлай келе, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру ұйымдарында жұмыс жасауға педагогтердің даярлығын көтеру арқылы жүзеге асырылады. Педагог даярлығы өте күрделі әрі үзіліссіз процесс болып табылады. Педагогтердің инклюзивті білім беруде жан-жақты дайын болуы, сапалы білім беру саласының қалыптасуына әкеледі деп түсінеміз.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық моделі» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы аясында жүргізілді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы (2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ.) – Кіру режимі URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056> [Қараған күні: 07.09.2022].

[2] Балалар жылын жариялау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 780 Жарлығы. – Кіру режимі: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33063573 [Қараған күні: 07.09.2022].

[3] Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Кіру режимі URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33108467#sub_id=7 [Қараған күні: 07.09.2022].

[4] Angeldinova S.B., Tleuzhanova G.K., Uteubaeva E.A., Eskazinova Zh.A. Issue of preparing future foreign language teachers to work with children with special educational needs -

Bulletin “Ablai khan University of International Relations and World Languages”. Series “Pedagogical sciences” of JSC “Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages”. - 2023. - 163-173 p.

[5] The National Center for Special Education Research. – Access mode: URL:<https://ies.ed.gov/ncser/aboutus/> [data of access: 12.09.2022].

[6] The Standing Conference of the Ministers of Education and Cultural Affairs. – Access mode: URL: <https://www.kmk.org/kmk/information-in-english/standing-conference.html> [data of access: 12.09.2022].

[7] Germany – ANED Country Profile. Academic Network of European Disability experts. April 2009. – Access mode: URL: <http://www.disability-europe.net/downloads/395-germany-aned-country-profile> [data of access: 12.09.2022].

[8] Медов Н.А. Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, - 2022.– 187 б.

[9] Огороднова О.В. Региональные аспекты межведомственного взаимодействия в инклюзивном образовании // Историческая и социально-образовательная мысль. — Т. 8, № 5 (3). – 2016. - С. 119–124.

[10] Edukacja inkluzyjna uczniów niewidomych i słabo widzących w kontekście wyzwań organizacyjno-normatywnych i merytorycznych oraz możliwości, 180 ograniczeń i perspektyw rozwoju API Rozdział Marzenna Zaorska, 2020 – Access mode: URL:<https://pbn.nauka.gov.pl/core/#/publication/view/61d4ca752467f016021b3cc8/85d37321-b77e-4386-8f6a-9d6f84978f20> [data of access: 13.09.2022].

[11] Совместный приказ МОН РК (от 5 октября 2021 года № 501), МЗ РК (от 11 ноября 2021 года №725), МТСЗН РК (от 6 октября 2021 года №369) «Об утверждении порядка межведомственного взаимодействия». - Режим доступа: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34902265&pos=3;-88#pos=3;-88. [Дата обращения:08.12.2022].

[12] Кабдырова А.С. Готовность преподавателей вузов к обучению студентов с инвалидностью. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD). — 6D010500 – Дефектология. — Казахский национальный педагогический университет имени Абая. — Алматы: - 2021. — 196 с. Режим доступа: URL: <https://f.eruditor.link/file/3459305> [Дата обращения: 08.12.2022].

[13] Zulfiya A. Movkebayevaa, Indira A. Model of Formation for Readiness to Work within Inclusive Education in Teachers –INTERNATIONAL JOURNAL OF ENVIRONMENTAL & SCIENCE EDUCATION, VOL. 11, NO. 11 -2016.4680-4689. - Access mode: URL: http://www.ijese.net/makale_indir/IJESE_652_article_57a7ae4930235.pdf. [data of access: 18.05.2023].

[14] Wächter T. et al. How can inclusion succeed for all? Children's well-being in inclusive schools and the role of teachers' inclusion-related attitudes and self-efficacy //Teaching and Teacher Education. – 2024. – Т. 139. – С. 104411. – Access mode: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X23003992> [data of access: 26.05.2024].

REFERENCES

[1] Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zañnamalyq aktlerine inklüzivti bilim beru мәseleleri boiynsha özgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy (2021 jylğy 26 mausymdağy № 56-VII QRZ.) (The law of the Republic of Kazakhstan on amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on inclusive education (kr No. 56-VII dated June 26, 2021.)– Kırıu rejimi URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056> [Qarağan küni: 07.09.2022]. [In Kaz]

[2] Balalar jylyn jarialau turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2022 jylğy 19 qañtardağy № 780 Jarlyğy (Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated January

19, 2022 No. 780 on the proclamation of the year of children.). – Kırı rejımı: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33063573 [Qarağan künü: 07.09.2022]. [In Kaz]

[3] Mektepke deiingi tárбие men oqytudyñ, bastauys, negızgı orta, jalpy orta, tehnikalyq jáne käsıptık, orta bılmnen keiingi bılm berudiñ memlekettik jalpyğa mindetti standarttaryn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministrınıñ 2022 jylgy 3 tamyzdağy № 348 būiryğy (Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348 on approval of State mandatory standards of preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and professional, post-secondary education). Kırı rejımı URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33108467#sub_id=7 [Qarağan künü: 07.09.2022]. [In Kaz]

[4] Angeldinova S.B., Tleuzhanova G.K., Uteubaeva E.A., Eskazinova Zh.A. Issue of preparing future foreign language teachers to work with children with special educational needs - Bulletin “Ablai khan University of International Relations and World Languages”. Series “Pedagogical sciences” of JSC “Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages”, - 2023.- 163-173 p.

[5] The National Center for Special Education Research. – Access mode: URL:<https://ies.ed.gov/ncser/aboutus/> [Data of access: 12.09.2022].

[6] The Standing Conference of the Ministers of Education and Cultural Affairs. – Access mode: URL: <https://www.kmk.org/kmk/information-in-english/standing-conference.html> [Data of access: 12.09.2022].

[7] Germany – ANED Country Profile. Academic Network of European Disability experts. April 2009. – Access mode: URL: <http://www.disability-europe.net/downloads/395-germany-aned-country-profile> [Data of access: 12.09.2022].

[8] Medov N.A. İnklyuzivtı bılm beru mäseleleri boiynşa vedomstvoaralyq özara is-qimyldy üiymdastyru boiynşa ädistemelik üsynymdar (Methodological recommendations on the organization of interdepartmental interaction on inclusive education) – Nür-Sültan: Y. Altynsarin atyndağy ŪBA, - 2022.– 187 b. [In Kaz]

[9] Ogorodnova O.V. Regional'nye aspekty mezhvedomstvennogo vzaimodeistviya v inklyuzivnom obrazovanii (Regional aspects of interagency cooperation in inclusive education) // Istoricheskaya i sotsial'no-obrazovatel'naya mysl'.— T. 8, № 5 (3). – 2016. -P. 119–124. [In Rus]

[10] Edukacja inkluzyjna uczniów niewidomych i słabo widzących w kontekście wyzwań organizacyjno-normatywnych i merytorycznych oraz możliwości, 180 ograniczeń i perspektyw rozwoju API Rozdział Marzenna Zaorska, (Inclusive education of blind and visually impaired students in the context of organizational, normative and substantive challenges and opportunities, 180 limitations and perspectives of API development Chapter Marzenna Zaorska) 2020 – Access mode: URL:<https://pbn.nauka.gov.pl/core/#/publication/view/61d4ca752467f016021b3cc8/85d37321-b77e-4386-8f6a-9d6f84978f20> [Data of access: 13.09.2022]. [In Pol]

[11] Sovmestnyi prikaz MON RK (ot 5 oktyabrya 2021 goda № 501), MZ RK (ot 11 noyabrya 2021 goda №725), MTSZN RK (ot 6 oktyabrya 2021 goda №369) «Ob utverzhdenii poryadka mezhvedomstvennogo vzaimodeistviya» (Joint Order of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (dated October 5, 2021 No. 501), the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan (dated November 11, 2021 No. 725), the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan (dated October 6, 2021 No. 369) "On approval of the procedure for interdepartmental interaction") Rezhim dostupa: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34902265&pos=3;-88#pos=3;-88. [Data obrashcheniya:08.12.2022]. [In Rus]

[12] Kabdyrova A.S. Gotovnost' prepodavatelei vuzov k obucheniyu studentov s invalidnost'yu (The readiness of university teachers to teach students with disabilities.). Dissertatsiya na soiskanie stepeni doktora filosofii (PhD). — 6D010500 – Defektologiya. — Kazakhskii natsional'nyi pedagogicheskii universitet imeni Abaya. — Almaty: 2021. — 196 s. -

Rezhim dostupa: URL: <https://f.eruditor.link/file/3459305> [Data obrashcheniya: 08.12.2022]. [In Rus]

[13] Zulfiya A. Movkebayevaa, Indira A. Model of Formation for Readiness to Work within Inclusive Education in Teachers – International journal of environmental & science education. – 2016. - VOL. 11. - NO. 11-2016.4680-4689. - Access mode: URL: http://www.ijese.net/makale_indir/IJESE_652_article_57a7ae4930235.pdf. [Data of access: 18.05.2023].

[14] Wächter T. et al. How can inclusion succeed for all? Children's well-being in inclusive schools and the role of teachers' inclusion-related attitudes and self-efficacy //Teaching and Teacher Education. – 2024. – T. 139. – С. 104411. – Access mode: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X23003992> [Data of access: 26.05.2024].

АНАЛИЗ МОДЕЛЕЙ ФОРМИРОВАНИЯ ГОТОВНОСТИ ПЕДАГОГОВ В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ

***Жумагелдиева А.Д.¹, Абаева Г.А.²**

***^{1,2}Казахский национальный педагогического университета им.Абая.
Алматы, Қазақстан**

Аннотация. В статье всесторонне рассмотрен вопрос создания эффективной образовательной модели для детей с особыми образовательными потребностями. Рассмотрены мнения зарубежных и отечественных ученых, их достижения в создании инклюзивного образования. Внедрение детей в сфере общего образования, а также описание барьеров, с которыми они сталкиваются. Сфера образования должна быть адаптирована к переменам. Изучение и дифференциация передового опыта обеспечивает качественное образование. В результате внесения изменений во многие законодательные документы страны можно отметить прогресс инклюзивного образования. В обществе четко закреплены права и обязанности лиц с особыми потребностями и строго контролируются законом. В том числе, отмечается наличие значительных мер в сфере образования, в дальнейшем будет обявано инклюзивное образование.

При обучении и воспитании детей с особыми потребностями возникает потребность в системном устранении трудностей, возникающих у педагогов, и предпосылках для работы. Анализируя модели, сформированные в статье, сделан с целью восполнения потребностей педагогов в инклюзивном образовании. Продвигая прошлый опыт, исследуются пути решения проблем, с которыми мы сталкиваемся в будущем. В инклюзивном образовании видно, что в создании условий для детей с особыми образовательными потребностями каждое государство имеет свои устоявшиеся принципы и законы. Конечная цель всех, хотя и разных, - социализировать людей с особыми потребностями, рассматривать их как полноправных членов общества, не ограничивать возможности. В зависимости от политики государства, менталитета, степени развития реализуется система инклюзивного образования.

Ключевые слова: инклюзив, образование, качественное образование, ребенок с особыми потребностями, педагог, подготовка, модель, школа

ANALYSIS OF MODELS FOR THE FORMATION OF TRAINING TEACHERS IN INCLUSIVE EDUCATION

***Zhumageldiyeva A.¹, Abaeva G.²**

***^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical university**

Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article comprehensively examines the issue of creating an effective educational model for children with special educational needs. The opinions of foreign and domestic scientists, their achievements in creating inclusive education are considered. The introduction of children in the field of general education, as well as a description of the barriers they face. The field of education must be adapted to the changes. The study and differentiation of best practices ensures quality education. As a result of amendments to many legislative documents of the country, progress in inclusive education can be noted. The rights and obligations of persons with special needs are clearly established in society and are strictly controlled by law. In particular, it is noted that there are significant measures in the field of education, inclusive education will be required in the future.

When teaching and educating children with special needs, there is a need for systematic elimination of difficulties encountered by teachers and prerequisites for work. Analyzing the models formed in the article, it is made in order to meet the needs of teachers in inclusive education. Promoting past experiences, we explore ways to solve the problems we face in the future. In inclusive education, it is clear that in creating conditions for children with special educational needs, each state has its own well-established principles and laws. The ultimate goal of all, although different, is to socialize people with special needs, consider them as full members of society, and not limit opportunities. Depending on the state policy, mentality, and degree of development, an inclusive education system is being implemented.

Key words: inclusive, education, quality education, child with special needs, teacher, training, model, school

Мақала түсті: 26 тамыз 2024